

#ЖаңаҚазақстан

Жаңа Қазақстанның ең басты байлығы – халық. Ал ең негізгі мақсаты – азаматтардың бақытты өмір сүруін қамтамасыз ету. Әрбір азаматымыз саяси өзгерістер мен экономикалық өсімнің жемісін көруі қажет.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

● ПРЕЗИДЕНТ



ҚАРЖЫ НАРЫҒЫНА СЕРПІЛІС ҚАЖЕТ

2

● СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ



БАҚ – ҚОҒАМНЫҢ АЙНАСЫ

8-9

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

2022 жылы 30 маусымда, сағат 15.00-де Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Түркісіб ауданының тұрғындарымен кездеседі. Кездесу өтетін орын туралы «Almaty aqshamy» сайтында қосымша хабарланатын болады.

● KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

28.06.2022

Түнде:



+21+26 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+30+35 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

29.06.2022

Түнде:



+21+26 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+30+35 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №73-74 (6209) 28 маусым, сейсенбі, 2022 жыл.

● ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

«АЛМАТЫ-2025» ДАМУ ЖОСПАРЫ

1 шілдеге дейін жалпы талқылауда болады



«Алматы қаласын дамытудың 2025 жылға дейінгі жоспарының негізгі басымдықтары және 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективалары» атты жоба талқылауға ұсынылды.

Құжат жобасы «Алматы қаласын дамыту орталығы» АҚ сайтында жарияланды. Бұл жөнінде қала әкімі Ерболат Досаев алматылықтарға арнап үндеу жасады.

3

● АУА РАЙЫ

АПТАП ЫСТЫҚ БОЛАДЫ



Алматы қалалық Төтенше жағдайлар департаменті Қазгидрометке сілтеме жасап, ауа райына қатысты ескерту жариялады. Алдағы күндері Алматыда сынап бағанасы 36 градусқа дейін көтеріліп, күн қатты ыстық болады. Аптап ыстық алдағы үш күнде де қайталанады деп болжануда.

● ҚЫСҚА...

- Елімізде колледждерге құжат қабылдау басталды.
- ҰБТ басталғалы шекті баллды 68% талапкер жинады.
- Алматының даму жоспарын талқылауға қаланың әрбір тұрғыны қатыса алады.
- Медеу ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы үздік сапалы қызмет көрсетуші байқауының жеңімпазы атанды.
- Қазақстандықтар шілде айында 11 күн демалады.
- Келесі айда Астана күні және Құрбан айт мерекесі аталып өтіледі.

www.almaty-akshamy.kz



2



● ПРЕЗИДЕНТ

ҚАРЖЫ НАРЫҒЫНА СЕРПІЛІС ҚАЖЕТ

Мемлекет басшысы «Астана» халықаралық қаржы орталығын басқару жөніндегі кеңестің отырысын өткізді

Жиын барысында «Астана» халықаралық қаржы орталығының (АХҚО) 2021 жылы атқарған жұмыстары қорытындыланып, әрі қарай дамыту жөніндегі ұсыныстар қарастырылды.

Бүгінгі халықаралық жағдай құбылып тұрған кезде Қасым-Жомарт Тоқаев инвестициялық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін сенімді қаржы көздерін тартудың өзектілігіне ерекше тоқталды. «Астана» халықаралық қаржы орталығы – Қазақстан мен бүкіл Орталық Азия аймағы үшін осындай міндетті атқаратын мекемелердің бірі.

Президент атап өткендей, Қазақстан нарықтық, еркін әрі бәсекеге қабілетті экономиканы қарқынды ілгерілетуге бағытталған дамудың жаңа кезеңіне қадам басып отыр. Мұндай жағдайда шетелдік инвесторлар мен сауда серіктестерінің сенімін сақтап қалу, байланысты нығайтуға басымдылық берілуі керек. Сондай-ақ, Мемлекет басшысы АХҚО-ның алдында жетекші қаржы орталығы ретінде өз мәртебесін институционалды тұрғыдан нығайту міндеті тұрғанын атап өтті. Осыған орай, Мемлекет басшысы бірқатар өзекті мәселеге назар аударды.

Қасым-Жомарт Тоқаев санкция мәселелерін ескере отырып, шетелдік компаниялардың АХҚО-ға тіркелу талабы барынша оңай әрі либералды болуға тиіс екеніне тоқталды. Президент АХҚО-ның шетелдік серіктестермен



диалог жүргізуі қажет екенін атап өтті және қаржы реттеушілерімен тығыз ықпалдастық орнатудың маңыздылығын жеткізді. Осы ретте жалпы үйлестіру жұмыстары Үкіметке жүктелді.

Мемлекет басшысы ұлттық компанияларды IPO-ға шығару жұмыстарын келесі маңызды міндет ретінде атады. Ол «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамы мен оның ұлттық компанияларының рөлін мысалға келтірді.

– Еліміздің қарапайым азаматтары Ұлттық компаниялардың акцияларын иеленуге және салымдарынан өз дивиденттерін алуға мүмкіндігі болуға тиіс. Дәл осындай жолмен халықтың инвестициялық мәдениеті қалыптасады. IPO-ға қатысу Қазақстан

ның барлық тұрғыны үшін қолжетімді болуы қажет. Ол үшін қағазбастылық пен бюрократияны болдырмайтын жаңа цифрлық шешімдер керек, – деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар, Қасым-Жомарт Тоқаев ұзақ мерзімді шетелдік инвесторларды теңге түріндегі тәуелсіз облигацияларға тартудың өзектілігін атап өтті.

Президент қазіргі құбылмалы жағдайда инвестициялар мен ресурстар үшін бәсекелестік күшейді деген пікір білдірді. Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы орнықты даму мақсаттарына қол жеткізу және «жасыл» жобаларды жүзеге асыру мәселесіне тоқталды. Оның айтуынша, былтыр орнықты қаржыландыру нарығының көлемі

500 есе ұлғайып, 250 миллион доллардан асты. Оның ішінде жасыл облигациялар мен несиелердің 58 пайызын АХҚО Жасыл қаржы орталығы нақтылады.

– Бұл экономиканы көміртегінен арылту және көміртегін аз пайдалану технологияларын дамыту жөніндегі жаһандық міндеттерді еліміздің сәтті шешуге қабілетті екенін дәлелдеуіне ықпал етеді. Үкіметті, «Астана» халықаралық қаржы орталығын және Кеңес мүшелерін осы бағыттағы жұмыстың қарқынын бәсеңдетпей, жалғастыра беруге шақырамын, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев энергия тасымалдаушы жаһандық нарықтардың және әлемдік азық-түлік орталықтарының трансфор-

мациялануы кезінде Қазақстанның рөлін күшейту маңызды екеніне назар аударды. Атап айтқанда, Мемлекет басшысы үздік халықаралық стандарттарға сәйкес келетін және кез келген тәуекел-кәсіпкерлерден алшақ тұратын басты тауар биржасын орналастыру мәселесін шешудің өзектілігін атап өтті.

– Қазақстан үшін сенімді әрі бәсекеге қабілетті инфрақұрылымы бар биржа нарығы жөнінде мәлімдеу өте маңызды. Бұл аймақтық және жаһандық саудада көшбасшылыққа ие болу үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Үкімет осы мәселені жан-жақты пысықтауы керек, – деді Президент.

Мемлекет басшысы криптоиндустрия және цифрлық активтерді дамыту мәселелеріне де тоқталды. Жиынды қорытындылай келе, Президент АХҚО-ның 2021 жылы атқарған жұмысының жылдық есебін бекітті.

Іс-шара барысында Премьер-министр Әліхан Смайылов, АХҚО басқарушысы Қайрат Келімбаев, Мемлекет басшысының экономикалық даму жөніндегі штаттан тыс кеңесшісі Сэр Сума Чакрабартти, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрағасы Мәдина Әбілқасымов, АХҚО-ның тәуелсіз қаржы бақылаушысы Марк Смит, Жаһандық даму орталығының президенті Ахмед Масуд, G30 тобының қамқоршылық кеңесінің төрағасы Джейкоб Френкель, Citigroup үкіметтер мен мемлекеттік сектордың жаһандық блогының басшысы Джули Монако баяндама жасады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

● АУА РАЙЫ

АПТАП ЫСТЫҚ БОЛАДЫ



Айжан БҮРКІТБАЕВА

(Басы 1-бетте)

Төтеншеліктер қала тұрғындары мен қонақтарын күн сәулесінен қорғану үшін серуендеуден бас тартуға шақырды.

«Аптап ыстық адам денсаулығына кері әсер етуі мүмкін. Бұл жүрек-қан тамырлары ауруларынан, гипертониядан зардап ше-

гетіндерге, сондай-ақ инфаркт пен инсульт қаупі бар адамдарға ерекше қауіп төндіреді. Жаяу жүруді шектеніз, көп қимыл-әрекет жасаудың қажеті жоқ. Дәрігердің ұсыныстарын қатаң сақтаңыз және тағайындалған дәрі-дәрмектерді уақытында қабылдаңыз. Артериялық гипертониямен ауыратын адамдар қан қысымын үнемі қадағалап отыруы керек», – деп хабарлады қалалық ТЖД баспасөз қызметі.

Алматы қаласы Қоғамдық

денсаулық сақтау басқармасы да алдағы ми қайнатар аптаптың адам денсаулығына теріс әсер етуі мүмкін екенін айтуда. «Ауа температурасы жоғарылаған сайын қан концентрациясы көтеріледі, тыныс алу қиындайды, жүрекке жүктеме артады, ал қан қысымы көтеріледі», – дейді №8 қалалық емхананың меңгерушісі Өйгерім Жүмәсіл.

Дәрігер жүрек-тамыр жүйесі аурулары бар адамдарды, оның ішінде аллергияға шалдыққандарды, артық салмағы бар адамдарды, қалқанша безіне және т.б. науқастарды барынша сақ болуға шақырады.

Өзінді ыстықтан қалай қорғауға болады:

- ең ыстық уақытта далаға шықпау;
- терінің түріне байланысты күннен қорғайтын және ылғалдандыратын кремдерді қолдану;
- 11.00-ден 17.00-ге дейін бас киім кию;
- табиғи матадан жасалған жеңіл және жеңіл киім кию;
- ащы және майлы тамақ жемеу;
- кофе, алкоголь және газдалған сусындардан бас тарту;
- көп су ішу, күніне кемінде 1,5 литр.

● ШОМЫЛУ МАУСЫМЫ

СУҒА ШОМЫЛҒАНДА САҚ БОЛЫҢЫЗ!

Алматыда суға түсуге рұқсат етілген 4 орын белгіленген

Суға шомылу маусымы басталғаннан бері қаланың су қоймаларында қауіпсіздік ережелерін бұзғаны үшін 9 азаматқа айыппұл салынды.



Гүлжанат СЕМБАЕВА

«Сайран көлінің батыс жағалауында шомылуға тыйым салынған жерде 25 жастағы екі ер адамға және су қоймасының жаңында алкогольді ішімдіктерді ішіп отырған 45 жастағы әйелге айыппұл салынды. Олар ҚР ӘБ туралы Кодексінің 364-бабына сәйкес «ортақ су пайдалану ережелерін бұзу», сондай-ақ 440-бабына «алкогольді ішімдіктерді

ішу немесе қоғамдық орындарға мас күйде келу» бойынша әкімшілік жауапқа тартылды», – деп хабарлады Алматы қалалық Төтенше жағдайлар департаментінің баспасөз қызметі.

Департамент өкілдерінің айтуынша, маусым айынан бастап 9 адам әкімшілік жауапқа тартылды. Тәртіпті қайталап бұзған жағдайда 2 АЕК, яғни 6 мың теңгеден астам айыппұл салынады. Қала аумағында шомылуға рұқсат етілген 4 орын белгіленген.



ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

«АЛМАТЫ–2025» ДАМУ ЖОСПАРЫ

1 шілдеге дейін жалпы талқылауда болады



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

(Басы 1-бетте)

Құжатта қордаланған мәселелерді, халықаралық тәжірибені, әлеуметтік зерттеулердің нәтижелерін, Алматының тарихи ролін, оның мәртебесін, экономикалық әлеуетін және ағымдағы ахуалды ескере отырып анықталған қаланы дамытудың қысқа және орта мерзімді басымдықтары көрсетілген.

Құжаттың мазмұны Алматы қаласын дамытудың 2025 жылға дейінгі жоспары мен оның 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективалары, Алматының 2040 жылға дейінгі Бас жоспары және Алматы агломерациясын 2030 жылға дейін дамытудың кешенді жоспары сынды жобаларды одан әрі пысықтау мен қабылдау үшін негізге алынбақ.

Жоба – «Жайлы қалалық орта», «Тұрақты экономикалық өсу», «Басқарылатын урбанизация», «Әлеуметтік орнықтылық пен тұрақтылық», «Жасыл Алматы», «Смарт сити», «Қауіпсіз қала» секілді 7 бөлімнен тұрады.

Құжатта көрініс тапқан бастамаларды іске асыру қаланың үйлесімді кешенді дамуына қолжеткізуге мүмкіндік береді, оның басты мақсаты жайлы, инклюзивті және



қауіпсіз қалалық орта құру болып табылады.

Құжатты әзірлеуге түрлі қызмет салаларынан 40-тан астам тәуелсіз сарапшы, оның ішінде экономистер, урбанистер, экологтар, қаланы жоспарлаушылар, ақпараттық технологиялар саласындағы мамандар, қоғам қайраткерлері, кәсіпкерлер және басқалар қатысты.

Айта кетейік, жобаны қоғамдық талқылауға қаланың әрбір тұрғыны қатыса алады. Алматылықтар 7 бөлімнің әрқайсысы бойынша пікір білдіріп, ой бөлісуге болады. Жиналған деректер «Алматы қаласының 2025 жылға дейінгі даму жос-

парын және оның орта мерзімді перспективаларын» талқылау және пысықтау кезінде кешенді түрде өңделіп, пайдаланылады.

Сондай-ақ, сайтта құжатқа сілтемені әлеуметтік желілерде және мессенджерлерде бөлісу мүмкіндігі қарастырылған.

Қала тұрғындары бағдарламамен мына сілтеме арқылы танысып, ұсыныс-тілектерін жолдай алады: <https://almatydc.kz/press/news/osnovnye-prioritety-planarazvitiya-g-almaty-do-2025-goda-i-srednesrochnye-perspektivy-do-2030-goda>.

Құжат 1 шілдеге дейін жалпы талқылауда болады.

ҚҰРМЕТТІ АЛМАТЫЛЫҚТАР!

Сіздердің талқылауларыңызға «Алматы қаласының 2025 жылға дейінгі даму жоспарының негізгі басымдықтары және 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективалар» жобасын талқылауға ұсынамын.

Біз қаланың болашақ дамуын әртүрлі саладағы белсенділермен және сарапшылармен талқыладық, тұрғындарымыздың мыңдаған өтініштеріне талдау жасадық, қала өмірінің барлық салаларының жағдайын зерттедік.

Бұл – Алматыны жақсы білетін және жақсы көретін, оның өзгеруін, одан әрі дамуын және сапалы өсуін қалайтын 40-тан астам тәуелсіз сарапшылар жұмыс жасаған біздің ұсыныстарымыз.

Біз алматылықтар үшін нақты және сезілетін нәтижелер белгіленген Алматы қаласын дамыту жоспарының негізгі басымдықтарын сіздерге ұсынуға тырыстық. Біздің басты мақсатымыз – мегаполистің барлық тұрғындарының өмір сүру деңгейін сапалы арттыру. Бүгін Сіздерге ағымдағы ахуал мен алдағы сын-тегеуріндердің шынайылығын ескере отырып, Алматының 2030 жылға дейінгі даму жолдары мен перспективалары нақтылы ұсынылды.

Алматы қаласының 2025 жылға дейінгі Даму жоспарын және оның орта мерзімді перспективаларын әзірлеу кезінде қарастырылатын және ескерілетін түсініктемелеріңіз бен идеяларыңызды алу үшін осы ұсыныстарды **2022 жылдың 1 шілдесіне дейін** Сіздердің талқылауларыңызға ұсынамыз.

Сіздерден **сындарлы** кері байланысты күтемін!

Құрметпен,
Алматы қаласының әкімі

Ерболат ДОСАЕВ.

БАҒДАРЛАМА

Түлектерге таптырмас мүмкіндік



Ақтолықын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

«Өрлеу» бағдарламасы еліміздегі таңдаулы ЖОО-ға оқуға түсуге 10 грант ұсынады. Аталған бағдарлама аясында қор 20 шілдеге дейін байқауға өтінімдер қабылдайды. Есімдері 18 тамызда белгілі болатын 10 жеңімпазға қайырымдылық ұйымы олардың таңдауы бойынша бакалавриатта бір жылдық оқу ақысын төлейді, деп хабарлайды қордың баспасөз қызметі.

«Бағдарлама – аз қамтылған отбасылардан шыққан дарынды балалар үшін үлкен мүмкіндік. Еліміз үшін көп еңбек сіңірген академик Шахмардан Есеновтің туғанына 95 жыл толуына орай, біз мұқтаж жандарға көмек көрсету, олар үшін әлеуметтік саты болу маңызды деп санаймыз. Әрине, бір шартпен, егер олар шынымен де кедейліктің тұйық шеңберін бұзып, өмір сүру сапасын жақсартқысы келсе», – деді «Өрлеу» бағдарламасының атқарушы директоры Айғаным Малишева.

Байқауға мемлекеттік грантка ие бола алмаған, алайда жоғары білім алуға ұмтылатын мектеп оқушылары, балалар үйі, жасөспірімдер үйі және колледж түлектері, жетім балалар, ерекше қажеттіліктері бар балалар қатыса алады.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Уақытша су болмайды



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Ертең сағат 9.00-ден 15.00-ге дейін Наурызбай ауданында суық су уақытша болмайды. Бұл туралы «Алматы Су» МКК хабарлады.



«29 маусым күні сағат 9.00-ден 15.00-ге дейін Наурызбай ауданының Кенесары хан көшесіндегі тұрғын үйлер мен өзге де ғимараттарға, соның ішінде «Хан Тәңірі» ТК, «Асқар тау» ТК суық су берілмейді. Суық сумен жабдықтау қызметі бойынша уақытша шектеулер сумен жабдықтау желілеріндегі технологиялық жабдықты ауыстыру бойынша жұмыстарды жүргізу қауіпсіздігі үшін енгізіледі. Уақытша қалайсыздықтарға түсіністікпен қарауды сұраймыз», делінген хабарламада.

ҚАРЖЫ ПИРАМИДАСЫ

Алаяқтар жазаға тартылды



Қалада «World Business Consulting» қаржылық пирамидасын құру және басқару фактісі бойынша сотқа дейінгі тергеу аяқталды.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Бұл қаржы пирамидасын ұйымдастырушылар азаматтарға еншілес компаниялардың инвестициялық жобаларына қаражат салуды ұсынған. Бұл компаниялар сыйақыны алуға кепілдік берген. 2018–2021 жылдары WBC қаржылық пирамидасына жалпы сомасы 5,8 млрд теңге тартылды. Сотқа дейінгі тергеу-тексеру барысында жалпы сомасы 4,1 млрд теңгенің мүлкі тәркіленді. Сот үкімімен қаржы пирамидасының жетекшілері кінәлі деп танылып, 5 жылдан 6,8 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасына кесілді.

Сондай-ақ, пирамидалық схемасының тағы 5 ұйымдастырушысына халықаралық іздеу жарияланды.

МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ



Бас сүйегі қайта қалпына келтірілді

Алматы қаласына қарасты №7 қалалық клиникалық ауруханада 20 жастағы пациенттің бас сүйегі қайта қалпына келтірілді. Күрделі операция міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру шеңберінде жасалды.

Денсаулық сақтау мекемесінің мәліметінше, дәрігерлер оған титаннан жасалған 3D пластина орнатқан. Хабарламаға сүйенсек, жас жігітке осымен екінші рет ота жасалып отыр. Бұған дейін пациент жоғарыдан құлап, ауыр бас-ми жарақатын алған. Алғашында мамандар сүйекті тесіп, трепанация жасап, протез орнатқан.

«Пластикалық операциядан кейін науқас тағы құлап, орнатылған протезді сындырып алған. Әріптестермен ақылдаса келе, бір мезгілде сынған акрил протезді алып тастап, титаннан жасалған 3D пластина орнату туралы шешім қабылдадық», – дейді №2 Нейрохирургия бөлімшесі меңгерушісі Ильдар Құрмаев.

Маманның айтуынша, қраниопластика деп аталатын ота әдетте, бастағы ұйған қанды, ісікті алғаннан кейін, бас сүйектің сынған бөліктерін алып тастағаннан соң жасалады. Ол мидың қайта зақымдануына жол бермей, жарақаттан кейін болатын асқынулардың алдын алады. Пациенттер операциядан кейін жетінші күні ауруханадан шығады, отаның орны 10–12 күннен соң жазылады.

«Біздің бөлімшеде жыл сайын бас-ми жарақатын алған 1 мыңға жуық пациент емделеді. Бір жылда бас сүйек дефектілерін жабу бойынша 100-ге жуық операция жасалады. Олардың арасында Алматының ғана емес, еліміздің түрлі өңірлерінен келген тұрғындар да бар. Акрилді цемент протездердің, титан торшалар мен пластиналардың үлгісін қолмен және 3D компьютермен модельдеу тәсілдері қолданылады», – дейді Ильдар Құрмаев.



ҚАЗАҚСТАН ПОЛИЦИЯСЫНА – 30 ЖЫЛ

Қалада Қазақстан полициясының 30 жылдығына орай мерекелік концерт ұйымдастырылды. Салтанатты шараға қала әкімі Ерболат Досаев, сала ардагерлері, полиция қызметкерлері мен олардың туыстары қатысты. Концерттік бағдарламада сахнаға мемлекеттік Ту шығарылып, жиын Әнұранмен басталды.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

«Алматы қаласының полиция қызметкерлері қылмысқа қарсы күрес жүргізіп, тәртіпті сақтауда, азаматтардың құқығын қорғауда Конституциялық құқықтары мен бостандықтарына қалтқысыз қызмет етіп келеді. Қаланың қауіпсіздігі мен тыныштығын сақтауда 5 мыңнан астам полиция қызметкері қызмет етеді.

Ардақты ардагерлер, Қазақстан полициясының дамуына, қылмысқа қарсы күресте, азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғауда сіңірген ерен еңбектеріңіз үшін шын жүректен алғыс айтамын. Сіздердің Отанға деген риясыз көңілдеріңіз бүгінгі полиция қызметкерлеріне үлгі болары сөзсіз. Мереке күні қала бойынша 700 тәртіп сақшысы мінсіз қызметі үшін марапатталған еді. Қалалық полиция департаментінің бастығы Қанат Таймерденов те әріптестерін құттықтап, қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін барлық жағдай жасалғанын және 6 мыңнан аса қызметкер талмай еңбектеніп жүргенін алға тартты», – деді ҚР ІІМ орынбасары, полиция генерал-майоры Қайрат Сұнтаев құттықтау сөзінде.

Еліміздегі жүргізіліп жатқан экономикалық және саяси реформалардың жүзеге асуында құқық қорғау жүйелерінің маңызы зор.

Мерекелік шара концерттік бағдарламамен жалғасты. Танымал әнші Бауыржан Исаев, Junior Eurovision–2020 конкурсына қатысушы Қарақат Башанова, т.б. әншілер полиция қызметкерлеріне арнап ән шырқады.

Тәуелсіздік тарихындағы айтулы белес

Өткен жұмада Полиция күні аталып өтті



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

МӘСЕЛЕ

«ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ»: АЛДАУ МА, ӘЛДЕ АРБАУ МА?

Байланыс нарығында міндеттемелеріне салғырт қарайтын оператордың күдікті айла-тәсілдері толастамай тұр...

Соңғы уақытта «Қазақтелеком» жұмысының шикілігіне арызданатын оқырмандарымыз көбейді. «Alatau Aqparat» ұжымының да аталған компанияға шағымы бар.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша ел экономикасын көтерудегі жаңа бағдар, оның ішінде мемлекет нарығындағы ірі монополистермен күрес өз жемісін беруде. Атап айтқанда, жыл басынан бері «Қазақтелеком» акцияларының белгілі бір бөлігі мемлекет меншігіне қайтарылды. Алайда, Ұлттық байланыс операторының жұмысындағы шикіліктерге тұтынушылар наразылығы әлі де тоқтамай тұр. Монополист компанияның китұрқы «схемаларынан» байланыс қызметтерін адал тұтынушылар зардап шегуде. Міндеттемелеріне салғырт қарайтын оператордың айла-тәсілдерінің кесірі «Alatau Aqparat» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне де тиді.

Көптеген жыл бойы «Қазақтелеком» акционерлік қоғамы «Alatau Aqparat» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне (атауы өзгергенге дейін «Алматы ақшамы» газеті) ЖШС және «Вечерний Алматы» («газеті») ЖШС болған) қызмет көрсетіп келген.

2020 жылдың қыркүйегінде «Alatau Aqparat» ЖШС-ның бухгалтериясы қаржылай шығыстарды зерделеп, бақылау барысында «Қазақтелекомның» көрсетілетін қызметтерге сәйкес келмейтін сомадағы ақшалай өтем сұрағанын анықтайды. Істің мән-жайына қанығу үшін «Alatau Aqparat» компаниясы Ұлттық байланыс операторының кеңсесіне хат жолдады.

«Қазақтелеком» қызметкерлері өз жауабында «Alatau Aqparat» ЖШС-ына 319 (!) абоненттік телефон нөмірлері тіркелгенін хабарлады. Оған қоса көп жылдан бергі тұрақты оқырмандарымызға жақсы таныс «Almaty aqshamy» және «Вечерний Алматы» газеттері редакцияларының бұрынғы мекен-жайларында (Абылай хан даңғылы, 2, Алматы-2 вокзалының жанында) тағы бес абоненттік нөмірдің тиесілі екенін айтады. Айта кеткен жөн,



біздің басылымдар айтылған мекенжайдан 2011 жылы көшіп кеткен!

«Alatau Aqparat» атындағы үш жүзден астам абонент туралы айтқанда, мына фактіні ойға алған жөн: біздің компанияның штатында дәстүрлі түрде 80-ге жуық адам жұмыс істейді. Бұл тәртіп қаншама жылдан бері өзгермеген.

Біздің компанияға үш жүзден астам абоненттік нөмірдің жазылуы келесідей жағдайда орын алған: бір кездері интернет байланыстың сапасына наразы болған «Almaty aqshamy» және «Вечерний Алматы» басылымдарының басшылары Ұлттық оператордан бұл жағдайды дұрыстауды өтінеді. «Қазақтелеком» өкілдері өз кезегінде жаңа шарттар әкеліп, құжаттарға қол қойылғаннан кейін барлық мәселелерді шешуге уәде береді. Айтылған уақытта интернетке қосылу жылдамдығы секундына небәрі 6 Мбит болды. Бұл жылдамдықтың жұмысы ақпарат таратуға негізделген 80 адамдық ұжым үшін өте аз екені айтпаса да түсінікті. Аталмыш жаңа шарттарға қол қойылғаннан кейін «Alatau Aqparat» компаниясы үш жүз абоненттік нөмірдің иегері болды. Алайда, интернетке қосылу жылдамдығы уәде етілгендей емес, небәрі 2 Мбитке ұлғайды.

Қызмет күші 6 Мбит орнына 8 Мбит болғанымен, қызмет құны айына 480 мың теңгеге дейін өскен.

«Қазақтелеком» компаниясы жеке тұлғаларға жылдамдығы секундына 100-ден 500 Мбитке дейін жететін қызметтерді бар болғаны 7 мың теңгеге жалғайтынын ескерсек, интернет байланысы әлсіз үш жүз абоненттік нөмірге жарты миллион теңгеге жуық ақша алуы – әділ қызметке емес, алаяқтардың арбауына ұқсайды.

Бұл дәлелді айғақтарымызбен монополист компания өкілдері алғашқыда келіседі. Сөйтіп, «Alatau Aqparat» ЖШС мен «Қазақтелеком» АҚ арасында келіссөз жүргізіп, нәтижесінде қайта есеп жүргізуге уағдаласады. Алайда, іс жүзінде Ұлттық оператор қызметкерлері бұл бағыттағы жұмыс барысын соза бергендіктен, оларға біздің тараптан тағы да хат жолданады. Оған тиісті мәселе «Алматытелеком» өңірлік телекоммуникация дирекциясының қарауына шығарылғаны жөнінде жауап алдық.

«Қазақтелеком» 2020 жылдың 24 қарашасында өңірлік дирекцияның 2 297 000 теңге сомға қайта есептеу жүргізгені туралы есеп берді. 2021 жылдың 29 қаңтар күні Ұлттық оператор ішкі тексерулер

негізінде қайта есептеу сомасы 8 575 921 теңгеге дейін өскенін және кінәлі қызметкерлер мен оның тікелей басшысына тәртіптік жазалау шаралары қабылданғанын хабарлады.

Дегенмен, бір жылдан астам уақыт бойы есептелген 8,5 миллион теңге «Alatau Aqparat» ЖШС-іне қайтарылмады. Осыған орай біздің тарапымыздан өткен жылдың ақпан айында «Қазақтелеком» акционерлік қоғамының үстінен сотқа дейінгі шағым жіберілді. Алайда, компания өкілдері уағдаластықтан, келіссөзден жалтара бастады. Сотқа дейінгі тағы бір шағым жіберілгенде, олар өз есептерімен өздері келіспейтінін және ешқандай қаражатты кері қайтармайтынын мәлімдеді.

Алматының мамандандырылған ауданаралық сотында «Қазақтелекомға» қарсы талаптарды қарау бір жылға жуық уақытқа созылды. Осы уақыт ішінде «Қазақтелеком» АҚ заңгерлері «Alatau Aqparat» ЖШС-на 1,6 миллион теңге берешек сомасын өндіріп алу туралы қарсы арыз жазады. МАЭС 2021 жылы желтоқсанында келіп түскен бұл арызды осы жылдың ақпан айында қанағаттандырып, біздің компаниямызға 8,5 миллион теңгені қайтару туралы талапты қабылдаудан бас тартты.

Соттың шешім шығарудағы дәлелдерін ерекше атап өткен жөн. Өз шешімін қандай да бір фактілерге негіздеу үшін сот «Қазақтелекомның» есептеудегі өз қателіктерін мойындайтын хаттарын санаудан бас тартты. Оның себебін «Қазақтелеком» бұл хаттарды кейін қайтарып алды» деп түсіндірді. Азаматтық кодекске сәйкес, хаттармен қосымша расталған өз міндеттемелерінен біржақты бас тартуға болмайды. Осы дәлелдерге қарамастан, Алматы МАЭС монополистің пайдасына шешім шығарып, «Қазақтелекомға» айла-тәсілмен ақша өндірудегі китұрқы іс-әрекеттерін жалғастыруға мүмкіндік бергендей болды.

Қазір жүріп жатқан ірі монополистермен күрес барысында тиісті органдар құрығы ұзындығын пайдаланып жауапкершіліктен жалтарып жүрген Ұлттық байланыс операторы қызметінің осы бөлігін мұқият тексереді деп үміттенеміз.



ИНТЕРНЕТ ЖУРНАЛИСТИКА

БҮКІЛ ӘЛЕМ ҚОЛЫМЫЗДАҒЫ СМАРТФОНДА...

Өткен ғасырдың 50–60-жылдары телевидение дәуірі келген кезде «алдағы уақытта телеарналар газет-журналдарды, радионы сыртқа ысырады» деген пікірлер айтылған болатын. Телевидение қарқынды дамып келе жатқан шақта, 1970 жылдары профессор Марат Барманқұлов «бүкіл әлем сіздің пәтеріңізде» деген еді. Ал қазіргі заманда «бүкіл әлем қолымыздағы смартфонда».



Қазіргі таңда ақпараттың жылдамдығы артқан сайын, электронды техника дамыған сайын журналистиканың жүгі де ауырлай түсті. Өйткені, желіде желдей ескен ақпараттарды сүзгіден өткізіп, блогерлер таратқан жаңалықтың ақ-қарасын ажыратып, сараптау, тартымды етіп ұсына білу журналистен біліктілік пен тәжірибені талап етеді. Әлеуметтік желінің дамуымен осыдан оншақты жыл бұрын еркіндіктің жөні осы екен деп кез келген адам ақпарат таратушы бола бастады. Бірақ халыққа айтары бар, сауатты, белгілі бір саланы зерттеп, ақпаратты саралап жеткізетін, қоғамдық ой туғыза алатын блогерлерді уақыт өзі екішеп берді. Блогерлік күн санап дамып жатқан заманда журналистер де қарап қалған жоқ. Қайта олар қаламының ұшымен, сөзінің күшімен жаңа қырларынан танылып, өзінің негізгі жұмысынан бөлек, сауатты блогтарды да жүргізе бастады. Газет-журнал, телеарна сайттарының жұмысы жанданып, интернет жур-

налистика ұғымы пайда болды. Жаңа медиа түрлі графикалық, мультимедиялық қосымшаларының арқасында ұзақ мәтінге деген тәуелділікті азайтты. Сонымен қатар, сөз бостандығы мәселесі де жеңілдей түсті. Өйткені, аудиториямен тығыз байланыс орнатыла бастады. Біршама сайттар арнайы оқырман үшін өз пікірлерін жазып, ойларын ашық айтуға болатын қосымшалар ойлап тапты.

Интернет журналистиканың дамуындағы негізгі басымдылық – ақпараттық қоғам. Оны қолданатын қарапайым халық және заңды тұлғалар. Интернет журналистиканың негізгі артықшылықтары: жылдамдық, қолжетімділік, шағын әрі түсінікті болуы, уақыт жағынан тиімділігі, көпшілікке пайдалылығы, мақсатты аудиториясының болуы. Өйткені, кез келген адам қолындағы мобильді құрылғы арқылы өзіне қажетті ақпаратты ала алады. Қысқа да нұсқа мәтін, сапалы ақпарат, тартымды сурет пен видео – журналистің қаруы.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Қуаныш ЕРМЕК, журналист:

АҚПАРАТ АЛАҢЫ БӘРІМІЗГЕ ОРТАҚ



Қазіргі таңда журналистиканы интернет журналистика және дәстүрлі журналистика деп бөліп қарастырып жүр ғой. Меніңше, бұлай бөліп-жарудың қажеті жоқ. Иә, әр саланың өз ерекшеліктері бар шығар. Дегенмен, кәсіби журналист үшін ақпарат алаңы ортақ. Айталық, газетке мақала жазатын журналист сайтта да жұмыс істей алады, блог та жүргізе алады. Қайта заман талабына сай жан-жақты болуды үйрендік. Қазіргі уақытпен жарысып жүретін заманда ең бастысы халыққа жылдам әрі шынайы ақпарат беру маңызды. Қашан да телеарнаның өз көрермені, газет-журналдың өз оқырманы, сайттар мен әлеуметтік желінің де өз қолданушысы табылады. Кәсіби журналистің ерекшелігі, олар халықты тек ақпараттандырып қана қоймайды, кез келген мәселенің мән-жайына үңіліп, тереңінен зерттейді. Өйткені, ол өзіне жауапкершілік міндеттелгенін біледі. Бұл да кез келген блогердің журналист бола алмайтынының, ал журналистің блогер бола алатынының бір дәлелі.

Жадыра ЖҰМАКУЛБАЙ, журналист:

ПОДКАСТ НАРЫҒЫ ӨРКЕНДЕП КЕЛЕДІ



Өзім радиожурналист болғандықтан, осы саладағы жаңалықтарды қалт жібермеуге тырысамын. Осыдан бірнеше жыл бұрын шетелде білім алып жүргенімде, әлемде аудиоподкастардың трендке айналғанын байқадым. Подкастардың атасы – радио. Бүгінде «Би-би-си» секілді әлемдік арналар мен радиолардың барлық бағдарламаларының подкасты бар. Соңғы бір-екі жылда біздің елімізде де подкаст нарығы қарқын ала бастады. Подкаст – бұл көшіріп алып, кез келген уақытта тыңдауға болатын аудиобағдарламалар, сериалдар, блогтар. Жанрына қарай біреулер подкастарды бірнеше адамның видеосұхбаты немесе жеке адамның баяндауы, тіпті көркем сериал түрінде де жасап жүр. Табыс табу мақсатында подкастар жасау да дамып келеді. Заманның ырғағына ілесу үшін көптеген адам аудиокітаптар оқуды әдетке айналдырды. Сондықтан подкасты медиа саласының жеке бір тармағы деп қарастыруға әбден болады. Кез келген адамның талғамына сай аудиоконтент қалыптасып келеді. БАҚ-тың барлық жанрындағы өнімдерді подкаст форматына бейімдеуге болады. Осындай жаңашылдықтан қашпауымыз керек деп ойлаймын. Отандық телеарналар мен радиожурналистердің жасаған подкастарын үнемі көріп, тыңдап жүреміз.

Деонисий МИТЬ, фотограф, National Geographic журналының өкілі:

ЗАМАН АҒЫМЫНАН ҚАЛМАУ КЕРЕК



2000 жылдардың бас кезінде сандық фото пайда болған кезде біз, кәсіби фотографтар бұл жаңа технологияны қабылдай қоймадық. Цифрлық фото пленканы алмастыратынына сеніксіз едік. Арада 5-6 жыл өткеннен кейін біз заманға сай электрондық технологияны игеруіміз керек екенін түсіндік. Өйткені, қолымыздағы смартфон бізге мобильді болуға мүмкіндік берді. Заман бір орнында тұрмайды, технология да күннен-күнге дамып, адамның жұмысын барынша жеңілдетуде. Сондықтан қазіргі заманда кез келген кәсіби журналист қолындағы смартфонды дұрыс пайдалануды, сапалы сурет түсіруді, контент жасауды білуі керек деп ойлаймын. Бұл – заман талабы. Қазір телефон арқылы сапалы фото жасауды, видео түсіруді үйрететін курстар өте көп. Ниет пен талпыныс болса болғаны.

Бүтінде теледидар көретін, газет-журнал, кітап оқитындардан гөрі жаңалықты да, фильмді де, қажетті лайф-хақты да қалта телефонынан ақ қарайтындардың қатары көп екені рас. Дегенмен, кез келген ақпараттың ақ-қарасын ажыратып, көрермен мен тыңдарманға, оқырманға қысқа да нұсқа, сауатты етіп ұсынатын кәсіби журналистика қашан да өлмейді. Өйткені, кәсіби маман заманның талабына да, аудиторияның сұранысына да жауап бере алады.

ТЕННИС

ҚАЛАМ РАКЕТКАҒА АУЫСТЫ

28 маусымда Қазақстанда бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің күні атап өтіледі. Осыған орай, Қазақстан Теннис федерациясы қалыптасқан дәстүр бойынша Алматыда журналистер арасындағы теннис турнирін ұйымдастырды.



Досбол АТАЖАН

Мастерс және Фьючерс тобының жеңімпаздарына 100 мың теңге, финалистерге – 75 мың, 3-орын үшін – 50 мың теңге сыйақы берілді, сонымен қатар қатысушыларға теннис формасының жиынтығын сыйлады. Жарыс мегаполистің Эйс теннис орталығында өтті.

Айтылған турнирге бастапқы кезде 32 маман қатысуға ниет білдіргенімен, жарыс күні ауа райының бұзылуына байланысты

тек 18-і ғана қатысты. 10 жігіт пен 8 қыз екі топқа бөлініп, өзара бақ сынады. Әр жеңімпаз жартылай финалда өнер көрсетіп, әрі қарай ең үздіктері финалда жеңіс үшін таласты.

Ерлер арасында үздік үштікке келесі журналистер енді: 1-орын – Ерік Ілиясов («Qalau media»), 2-орын – Қуандық Шынасилов (Zakon.kz), 3-орын – Сәби Байбосынов («Хабар»). Қыздар арасындағы үздік нәтижені Inforburo.kz журналисі Мария Гареева көрсетті. Екінші орынға Галина Выборнова («Комсомольская правда – Қазақстан») жайғасты, Азия Имрасева («TNS Central Asia» медиагенттігі) жүлдегерлерді түйіндеді.

ЛЕБІЗ

Мен «Almaty aqshamy» газетімен редакцияның сонау 2004 жылдары Алматының II теміржол вокзалы маңында орналасқан кезінде танысқан едім.

«ALMATY AQSHAMY» ЖАНЫМА ЖАҚЫН

Ол кезде жазған-сызғанымды, мақалаларымды апарып жүрген адамым Нұржан Қуантай деген журналист жігіт болатын. Ол азамат қазір жоғарылап, өсіп кеткен. Содан кейінгі жүз көрісіп, пікір алысып, немеремді ертіп апарып, батасын алған – Сырдың сыршыл ақыны Әнуарбек Әуелбек аға. Сырбаз мінезіне, жылы жымынсына, байсалды сөздеріне қарап Ән-аға деп кеттім. Сосын «Ақшамдағы» ақыл-кеңесін алған жаны жайсаң ағаларым – Айнабай Мәди мен марқұм Құттыбек Аймахан еді. Мен 2012 жылы Алматы мүдедертер арасында өткен қалалық «Бәріміз бірдейміз, кемсітуді білмейміз» деген байқауға қатысатын болып, маған осы газет атынан мінездеме жазып, сәттілік тілеп еді.

Жалпы, «ақшамдықтардың» қай-қайсысы да жанымға жақын жандар. Анда-санда мақала алып келгенде кездесіп жатсам, газеттен мақалаларын оқып, разы болып жүрген жандарымды өмірде көргеніме мақтанамын, бедел тұтамын. Ал менің жамап-жасқап жазған мақала-

ларымды жонып, қырнап, жұп-жұмырғып жарыққа шығару жолында жанашырлық танытқан журналист Нұржамал Әлішеваға айтар алғысым бөлек. Ірі-ірі, кесек-кесек мақалаларын оқып жүріп, бір күні кездесе кеткенімде, оның нәп-нәзік келіншек екенін көріп, таңқалғаным бар. Қажыр-қайратына, еңбекқорлығына тәнтімін.

Осы адал ниет, ақ көңілімнен шыққан алғысым шаһарымыздың шамшырағы болып жүрген «Almaty aqshamy» газетіндегі аянбай еңбек етіп жүрген барша қаламгер азаматтар мен аруларға арналады. Төл мерекелеріңіз құтты болсын! Мен әрдайым сіздердің тұрақты оқырмандарыңыз болып қала беремін!

Ардақ ӘБІКЕН,
«Алатау» дәстүрлі өнер театры
зағип және санырау азаматтардың
мәдени өмірін
ұйымдастыру бөлімінің маманы.



АЛТЫН КӨПІР

ҚЫЗЫҒЫ ДА, ШЫЖЫҒЫ ДА КӨП САЛА

Тележурналистика саласындағы елеулі тұлғалар

Қазақ журналистикасының мәтрі, жазушы Шерхан Мұртаза «Журналистің жегені – жантақ, арқалағаны – алтын» дейді. Шынында да, журналистер алдымен ақпараттың анық-қанығына көз жеткізеді. Оны өңдеп, редакторлық жасайды. Ой елегінен өткізеді. Сөйтіп барып материалды көпшілікке таратады.

Демократ Николай Михайловский: «Журналистика қоғаммен бірге өмір сүріп, қоғаммен бірге тыныстайды. Қоғам тірлігінің тамыры қиылса, журналистика да бітіп тынады» депті. Ақпарат жаршылары туралы бірқатар ойларды тарқаталық.

Жаһандық ақпарат

Әлемге әйгілі ақпарат құралдары бар. Соның негізгілері Америка Құрама Штаттарындағы New York Times, Washington Post, Түркиядағы Zaman, т.б. басылымдар дүниеге танылды. Көпшілік, жаһан журналистері осы аталған ақпарат орындарында қызмет атқаруды көздейді. Өйткені, олар белді басылымдар болып саналады. Күллі дүние осы ақпарат көздеріне сілтеме жасайды.

Шетелде әрдайым оқиға орнынан табылатын, ащы шындықты айтатын – тілшілер қауымы. Олар үнемі бұқара мен билік арасында алтын көпір болады. Қарашаның ахуалын айтады. Жай-күйін көрсетеді. Біртіндеп мәселенің шешілуіне атсалысады.

Отандық журналистиканың алыптары мен мықтылары бізде де бар. Солардың ішінде аты аңызға айналған тұлғалар да жетерлік. Мәселен, «Айтуға оңай», «Қарекет» бағдарламалары арқылы халқымыздың аяулы ұлына айналған Бейсен Құранбек ағамызды айтуға болады. Бір қырынан қарағанда, бұл бағдарламалар ұлатып-шұлатпай-ақ, мәселенің шешу жолдарын

көрсетіп бергендей еді. Бұл арқылы ол журналист тек көрсетуші ғана емес, қайта шешімге келтіруші бола алатынын дәлелдеді.

Журналистика – ортақ ұғым

Әйгілі журналист Қуандық Оразбекұлы «Журналистика ұлтқа бөлінбейді, ол – ортақ ұғым» депті. Расында журналист қоғам мен билік арасындағы алтын көпір. Мұны бізге дейін сан мәрте дәлелдеген.

Халыққа өткір ойларымен танымал болған журналист, жақында дүние салған нар тұлғалы азамат Нұртілеу Иманғалиұлының қазақ журналистикасында өз қолтаңбасы қалды. Қалың көрерменге ол «Арай», «Ой көкпар», «Нұр Тілеу» бағдарламаларымен танымал бола білді. Ханға да, қараға да бірдей сауал тастады. Тік сөйледі, қаймықпады. Кей жерінде сынап та, сыбап та алды. Мұның бәрі елдің сөзі еді.

Ал Амангелді Сейітхан ағамыз қазақтың спорт журналистикасының дара жолын салушы десек, артық айтпағандық болар. Ол да артына өшпес із қалдырды. Қазақи нақышта жүргізді. Халық мақал-мәтелін жиі қолданды. Сөйтіп, ел жадында мәңгі қалды.

Сөз соңында айтарымыз, журналист миссиясы неде десек, ол – халыққа сапалы ақпарат жеткізу. Оның әзірлеген мақаласы, жазғаны, жасаған сюжеті, оқыған сөздері көрініп тұрады. Қай заманда да журналист қоғамның айнасы болып қалары хақ.



Әмбебап

Біздің дәуір басқаша. Әсіресе, журналистиканың аурасы өзгерді. Күн өткен сайыс талап күшейіп келеді. Негізгі себебі, ғаламтор деген дүние шықты. Ақпаратты жедел, сапалы таратпасаңыз, кешігесіз. Бұл бүгінгі күннің талабы.

Соңғы кездері қысқа-нұсқа жазу талап етілуде. Өйткені, оқырманды жалықтырып алмауымыз керек. Заманға ілеспесеңіз, ұтыласыз. Сосын еңбегіңізді ешкім оқымайды. Сонымен қатар, фейк ақпарат ұғымы күшейіп тұр. Жалған ақпарат беру арқылы көпшіліктің көңіл күйін білгісі келетіндер көбейді. Мұндай нәрсе журналистикаға жат. Бізге қоғамның сенімінен артық ешнәрсе жоқ. Тіпті, болуы да мүмкін емес.

Журналистика айдынына келушілер әмбебап маманға айналу керек болып тұр. Бір адам бір сәтте сан түрлі жұмыс атқарса, сұранысқа көбірек ие болады. Бір өзі бірнеше тілде еркін сөйлесе, нұр үстіне нұр болмақ. Сондай-ақ, компьютерге жетік болуы қажет.

Ел арасында ең көп жүретін екі мамандық иесі бар болса, соның бірі – журналист. Өзінің қал-ахуалы мәз болмаса да, өзгенің тірлігіне септігін тигізіп жатса, төбесі көкке жеткендей қуанады. Қысқаша айтқанда, журналистің көңіл-қошына қарап біраз дүниенің байыбына баруға болады. Керек десеңіз, танығыңыз келген елдің ахуалын бағамдай аласыз. Бұл тек журналистикаға тән қасиет. Ең негізгі қағида – адалдықтың ақ туын жықпаған абзал.

САУАЛНАМА

ЖУРНАЛИСТИКА,
БҰЛ – ӨМІР!

Журналистика – қоғамның айнасы, жақұт көзі және тілі, елдің жүрегі. Қастерлі мамандық тарихы тереңде. Ежелгі Мысырда папирус парағына ақпарат жазылған. Ал көне Римде хабарландырулар тақтайшаларға ілінетін. Бәрі осылардан бастау алды деуге болады...

Қазақстанда 28 маусым – БАҚ қызметкерлері күні ретінде белгіленген. Жалпы, бізде журналистикаға деген көзқарас қандай? Осыған қатысты сауалнаманы назарларыңызға ұсынамыз!



Сейдолла
САДЫКОВ,
ҚР Журналистер
одағы
сыйлығының
лауреаты:

– Журналистика біз бен сіз. Бұған жай қарамау керек. Оның ұлттың рухани бағытын айқын дауда пайдасы зор. Басқаларға аса қажетті болмауы мүмкін. Жалпы, әлемдегі ең қауіпті мамандық дер едім. Десе де, қоршаған әлем журналистер үшін маңызды. Өз басым осы саламен 50 жылдан астам айналысудамын. Алматы облыстық «Жетісу» газетіндегі, оның алдындағы, бергі уақыттағы қызметтерім тікелей қатысты.

Бүгінде Қожа Ахмет Яссауи бабамыздың атымен аталатын оқу орнында ұстаздық студемін. Бар жиған, білген тәжірибемді шәкірттерімнің зердесіне сіңірудемін. Алғыр, ынталы, еліне қызмет істегісі келетіндерді көріп, іштей риза



боласын.
Қуандық
ОРАЗБЕКҰЛЫ,
Қазақстанның
Құрметті журналисі:

– Егер ит адамды қапса жаңалық емес. Ал адам итті қапса – онда сенсация. Үнемі ойланып жүресің. Ылғи ақпарат көздерін назарда ұстайсың. Соңында мақаланы баспаға бергенде нәтижесін көргенде, марқаямыз. Міне, бұл тілшілер қауымының жетістігі. Әр газеттің өзіндік асханасы болады. Журналист ғаламда біреу ғана. Ол бөлшектебейді. Дегенмен, әркімнің өзіне лайық стилі бар. Онысы жөн. Біз де республикалық «Жас Алаш», «Айқын», қала берді «Дала мен қала», «Заң» газеттерінде қызмет атқардық. Заманның талабына сай сайтты игердік. Негізі бәрі тәжірибемен жетеді.

Сол себепті, қаламды қару еткендер зерек болғаны абзал. Сонда нан тауып жеудің жолы айқындалады. Ақша табан астында жатады. Тек соны тере білу керек. Біз осыларды өмірден үйрендік. Сонымыздан ерген жастарға бағдаршам болар деген ниетпен айтамыз.



Бекжігіт
СЕРДӘЛ,
Халықаралық
Ақпарат-
тандыру
академия-
сының
академигі,
композитор:

– Бүгінде еліміздегі 21 университет журналистер дайындайды. Бұрын ең таңдаулы талапкерлер ғана ұмтылатын жалғыз ҚазҰУ-ге түсу қиын еді. Қазір басқашалау. Бірақ барлығы сапасыз демейміз. Арасында дарындыларды оқытып жатқандары да баршылық. Ілімгер, өнерлі жастарды байқаймын. Шегінен өнерлі. Бұл – қажет дүние.

Асылында, логикасы мықты ізденушілер қуантады. Бәлкім, болашақта тау қопарып, елді таңқалдыратындар солардан шығуы мүмкін. Журналистикаға ынты керек.



Өркен
МЫРЗАБЕК,
тележурналист:

– Ақпарат айдынында жүрген мен үшін журналистика ғажайып мамандықтай көрінеді. Мұнда епті жандар ғана шыдайды. Әсіресе, телеарна тылсымға толы. Негізгі, теориянда іске асыру – шеберлік. Уақыт әмбебаптықты талап етеді. Бұл ғаламда нағыз сүйіспеншілігі мол, зерек, ынталы тілші бола алсаңыз – озғаныңыз. Шерхан Мұртаза – Шерағаң «Журналистің жегені – жантақ, арқалағаны – алтын» депті. Қалам мен қарымын егіз ұғым ете білген қарымды журналистеріміздің саламыздың өркен жаюына үлес қосып келе жатқаны қуантады.

Бетті әзірлеген
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

КӨРМЕ

«ҚАҒАРМАН ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ»

Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Жиенғалиқызы Мәметованың 100 жылдығына арналған «Қаһарман қазақ қызы» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.



Ақтолқын
ТҮРЛЫҒАЗЫ



«Қазақстан кітаптары» қызметінің Ораз Жандосов атындағы оқу залында Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Жиенғалиқызы Мәметованың 100 жылдығына арналған «Қаһарман қазақ қызы» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Мәметова Мәншүк (шын аты Мәнсия) 1922 жылы 23 қазанда Батыс Қазақстан облысының Орда ауданында дүниеге келген. Балалық шағы Алматыда өтіп, №28 орта мектепте оқыды. Екінші дүниежүзілік соғыстың басында Мәншүк медициналық институтта оқып, бір мезгілде республиканың Халық Комиссарлар Кеңесінің хатшылығында қызмет етті.

1942 жылы 13 тамызда өз еркімен майданға аттанды. 100-атқыштар бригадасы мен 21-атқыштар дивизиясы құрамында ұрыстарға қатысқан. Майданда пулеметшілер курсын бітіріп, жауынгерлік

бөлімшедегі пулеметшілер есебінде бірінші нөмір болып тағайындалды. 1943 жылы 15 қазанда Невель қаласын азат етудегі ауыр шайқастарда үстем биіктікті қорғау кезінде пулемет экипажының бірі басынан оқ сынықтарынан ауыр жараланып, жаудың 70 жауынгерін жойып, қаһармандықпен қаза тапты. 1944 жылы 1 наурызда КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен аға сержант Мәншүк Мәметоваға қайтыс болғаннан кейін Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Ол осы жоғары марапатқа ие болған қазақстандық тұңғыш қыз болды.

1962 жылы Оралда М.Мәметованың мұражайы ашылды. Көшелер мен мектептерге батырдың есімі берілді. Невель, Орал, Алматы қалаларында, Мәншүктің туған жері – Орда ауылында ескерткіштер бой көтерді. А.Михалков-Кончаловскийдің сценарийі бойынша режиссер М.Бегалин «Мәншүк әні» (1969) атты өмірі мен ерлігі туралы фильм түсірді.

«Қаһарман қазақ қызы» атты кітап көрмесінде М.Мәметованың өміріне қатысты материалдар: энциклопедиялар мен өмірбаяндық анықтамалықтар ұсынылған. Одан әрі көрмеде аты аңызға айналған пулеметшінің ерлігін дәріптейтін материалдар – ол туралы мерзімді баспасөз беттеріндегі кітаптар мен мақалалар көрсетілді.

Кітап көрмесі оқырмандарды Мәншүк Мәметованың Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы ортақ Жеңіске қосқан үлесімен және ерлігімен таныстыру, сондай-ақ өскелең ұрпақтың бойында патриоттық, Отанға деген сүйіспеншілік сезімін ояту мақсатында ұйымдастырылды.



РУХАНИЯТ

Жастар кітап оқи ма? Кітапхана мен оқырман арасындағы байланыс қалай? Осы және басқа да сұрақтар төңірегінде Жамбыл атындағы қалалық жасөспірімдер кітапханасының көпшілік іс-шаралар бөлімінің ұйымдастырушысы Роза ҚОЗЫБЕКОВАНЫ әңгімеге тартқан едік.

– Алдымен, кітапхана тарихына тоқтала кетсеңіз.

– Аталмыш кітапхана 1976 жылы ашылып, «Ленин атындағы комсомол жастар кітапханасы» деген бағытпен жұмыс істеген еді. 1996 жылы Жамбыл бабамыздың 150 жылдық мерейтойына мүшәйра өтіп, сол жолы кітапханамыз Жамбыл Жабаевтың атын жеңіп алған болатын. Содан бері «Жамбыл атындағы жасөспірімдер кітапханасы» атанып, жұмыс істеп келеді.

– Өзге кітапханалардан ерекшелігі неде?

– Ерекшелігі сол, 14–21 жас аралығындағы жастардың, мектеп оқушылары және колледж, университет студенттерінің көптеп келуінде. Көбі өтпелі кезеңнің балалары болғандықтан, оларға кітапханамызда барлық жағдай жасалған. Балалар топпен не жеке келіп те дайындалуына болады. Тағы бір айта кетерлігі біз 2016–2017 жылдары «Алматы қаласы Орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне» қосылып, қалалық кітапхана болдық. Оған дейін біздің кітапхана бүкіл облыстық кітапханалардың республикалық методикалық орталығы болып келді.

Жазғы демалыс басталғалы телефонға тыным жоқ. Бастауыш сынып оқушылары кітапханаға келсек дейді. Біз кітапхананың негізі жасөспірімдерге арналғанын, кішкентай балаларға оқуға кітаптар болғанымен шрифті кішкентай екенін айтамыз. Балалар оған қарамай келе береді. Ол үшін балалар ата-анасымен бірге келіп жазылуы керек.

– Кітапхана Алматы ауданында орналасқандықтан, өзге аудандардан келген оқырмандарға қалай қызмет көрсетесіздер?

– Біз ауданға емес, бүкіл Алматы қаласына қызмет көрсетеміз. Үйге кітап алу үшін оқырманның Алматы қаласында тұрғылықты мекенжай бойынша тіркеуі болуы



керек. Қазір мекенжай анықтамасын емес, eGov қосымшасы арқылы тіркеуін көрсетеді. Қайтарылмаған кітапты қайта алу үшін қаладағы мекенжайы бойынша іздеп, таба аламыз, ал облыс бойынша ондай мүмкіндігіміз жоқ. Оқырманға біз тек көркем әдебиетті бере аламыз. Ал қалада тіркеуі жоқ оқырман жеке төлқұжатымен келіп жазылып, кітапханада отырып оқи береді.

– Кітапханаға қалай жазылуға болады?

– Кітапханаға келушілерге жазылу тегін. Оқырман билетін сатып алмайды. Себебі, жасөспірімдер әлі өздігінен табыс таппайды. Мекеміміз мемлекеттік болғандықтан, жастарға қолжетімді болу үшін үкімет жәрдемін береді. Кітапхана таңғы 9.00-ден түнгі 22.00-ге дейін, аптаның жеті күні демалыссыз жұмыс істейді.

– Жылына шамамен қанша оқырман келетінін айта аласыз ба?

– Қазіргі таңда 53 мыңнан астам оқырманымыз бар.

ОҚЫРМАНДАРЫ КӨП КІТАПХАНА

Күніне 600–700 оқырман келсе, оның 200-дейі жаңа оқырмандар болады. Оқырмандардың көбейген себебі: кітапхана 2017 жылы модернизациядан, қайта жөндеуден өтті.

– Кітапханада кітап тұсаукесерлері, кино, әдеби кеш секілді іс-шаралар ұйымдастырылып тұрады. Осы ретте кітапхананың жобалары жайлы да айта отырсаңыз...

– Жобаларымыз өте көп. Жас авторлардың кітабын таныстыру – біздің міндетіміз. Жалпы, оқырман мен автор арасындағы алтын көпір іспеттіміз. Өзге өңірлердегі авторлардың Алматыға жолы түсіп жатса, кездесу ұйымдастырамыз. Бұл – «Атырау-Алтай арасы» жобасы. «Шабыт» сынды көптеген әдеби клуб, бірлестіктермен байланыстамыз. Оқырман кітабын оқыған соң, автормен кездескісі келеді. Оқырманмен кездесудің авторға да, оқырмандарға да тиімді тұсы көп.

– Енді кітапханадағы кітап қоры жайлы айтып өтсеңіз...

– Кітапхана қорында 400 мыңнан аса кітап бар. Сонау Одақ кезінен жинақталған да біраз кітап бар. Жыл сайын мемлекеттік тапсырыспен шыққан кітаптар міндетті түрде кітапханаға беріледі. Демеушілікпен келетін кітаптар да бар. «Меломан» кітап дүкенімен келісіміміз бар. Гете институты көмектесіп тұрады. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша аударма кітаптар шығады. Олар да бізге кітаптар сыйға берді.

– Соның ішінде қазақша кітаптар саны қанша?

– Қазақша кітаптарға келер болсақ, саны аз. 400 мыңнан астам кітаптың жартысы қазақша деуге болады. Қазақстанда шығатын газет-журналдар мен Ресейдің «Юный техник» секілді жастарға арналған басылымдарын алып тұрамыз.

– Кітапханаға келуші оқырмандар, әсіресе, жастар арасында қазір қандай кітаптарға сұраныс жоғары?

– Мотивациялық және психологиялық кітаптар көп сұралады. Ал жасөспірімдер фантастикалық кітаптар, сосын оқу бағдарламасына қажетті кітаптарды оқиды.

– Әңгімеңізге көп рахмет!

Әңгімелескен Назерке ҚАЙРАТОВА.



СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

БАҚ – ҚОҒАМНЫҢ



Әйгілі қаламгер Шерхан Мұртаза «Журналистің жегені – жантақ, арқалағаны – алтын» депті. Журналистика қоғам өмірінің өзегі һәм айнасы. Бұл әлемде мықтылар өмір сүреді. Мұны жазылмаған қағида дер едік.

Қазіргі қоғам бұрынғыдан өзгерек. Шапшаңдық пен қырағылықты, ептілікті талап етеді. Соның ішінде журналистикада әмбебаптық керек сияқты. Ғаламтор деген дүние бір орында отыруға мүмкіндік бермейді. Ақпаратты жылдам алып, оны сіңіріп, тез дайындау – шарт. Жалпы журналистиканың бағыты, аурасы өзгерген сыңайлы. Бұрынғымен салыстыруға келмейтіндей көрінеді. Алда қалай боларын кім білсін?! Осыған орай, бүгінгі журналистика, журналистің жағдайы, қоғамдық өмір, т.б. тақырыптар турасында тарих ғылымының докторы, академик, Журналистика академиясының президенті Сағымбай ҚОЗЫБАЕВпен тілдескен едік.

сеңіз, озасыз. Тез қимылдап, шешім қабылдай алсаңыз, нұр үстіне нұр болмақ. Ал асықпай, керіліп-созылып жүрсеңіз, барша игі істен шет қаласыз. Сізге сұраныс та болмайды. Одан арғы өсіп-жетілу, жақсы қызмет істеу, басшы лауазымына жетудің өзі мұңға айналады.

Қазіргі жастардан уақыт жылдамдықты сұрап тұр. Кімнің қиялы ұшқыр, ойы ұтқыр сол мәреге бірінші жетеді. Бұрын да бәсекелестік болған. Дегенмен, бүгінгінің жөні бір бөлек. Қазақта «заманың кандай болса, бөркің сондай» деген аталы сөз кездеседі. Мағынасына үңілсеңіз, біраз дүниені аңдайсыз. Көптеген жас тілшінің үй-күйі, басында бір қуыс болса да баспанасы болмай тұр. Айлығы шайлығына жетпейді. Өрдайым қаржы табуды ойлап жүрген жан қайдан шығармашылыққа дендей алсын?! Бұл да өзіндік зерделеуді қажет ететін мәселе. Десе де, бәріне топырақ шашпаймыз. Сол қара көздеріміздің ішінен медиамагнат дәрежесіне жетіп жүргендер аз емес. Соның бірі, жақында ғана дүние салған Батыр Қазыбаев. Ол өзінің санаулы ғұмырында әжептәуір бәлесті бағындырды. Қарап тұрсаңыз, барлық істе тәуекелшілдік пен батылдық керек. Осы екі қасиет болмай, іс оңалмайды. «Айлық-жалақы аз» деп отыра берсеңіз, аштан қатып, көштен қалуыңыз мүмкін.

ке ерте араласып, әр қадамын сәтті баса білгендер, түбінде биік шыңдарды бағындырып жатқанын аңғарамыз. Мұның өзі нағыз ерлік деп білеміз.

Бүгінгі жас буынға бір нәрсені қадап әрі қайрап айтқым келеді. Қайратты болыңыздар. Халқымызда «қайратты ерге бақ конар» деген сөз кездеседі. Бұрынғылар мұны текке тәмсіл демесе керек-ті. Әсіресе, үй-жай болмай тұрып, қор жинап, өз қазандарыңызды өздеріңіз қайнатыңыздар. Ешкімге ешкім ақ майды тамызбайды. Әсіресе, келіп, тірлік қылып, сабағына қатысып, ата-ана, бауырларына жәрдемі тиіп жатқан азаматтарды көріп, марқаймыз. Бәріміз де аспаннан аяғымыз салбырап түскен жоқ. Еңбек еттік. Аянбай тер төктік. Ел ісіне қатынастық. Қоғамдық істердің басы-қасында болдық. Ақыры өзімізді дәлелдедік. Ел танитын азаматқа айналдық. Осындай жолдардан өту, жетістіктің биігіне өрлеу оңай болмады. Бірақ еңбектен бердік. Осы күні сол еткен еңбектің жемісін жеп жүрміз.

Қарақтарым, алға қойған мақсаттан қайтпаңыздар. Мүлдеге біртабан болсын жақындай беріңіздер. Ойлаған ойларыңыз ұшқыр болсын. Сонда сіздер де ел танитын даңқты азаматқа айналасыздар. Осы сөзімізді жастарға арнайы өсиет, үлгі-өнеге ретінде айтқан абзал деп санаймыз.

– Аға, журналистиканы бір сөзбен қалай суреттеуге болады?

– Қарағым, жақсы сауал қойдың. Журналистиканы үлкен айдын шалқарға теңер едім. Тіпті, мұхит десек те артық емес. Өйткені, бұл ғұмырда біздің саланың араласпайтын ортасы жоқ. Ол экономика, саясат, философия, әлеумет, денсаулық сияқты, т.б. мамандықтармен астасып жатыр. Ғалымдардың айтуынша, ең іргелі 46 мамандықтың басында тұр екен. Бұл біздіңше бер жағы. Одан әлденеше көп екені белгілі.

Журналистика бұқара мен билік арасындағы алтын көпір. Егер ол болмаса, көп нәрсенің мән-мағынасына зер сала алар ма едік?! Біздер Санкт-Петербург, бұрынғы Ленинград қаласында оқыдық. Сонда білікті, шебер, өмірін осы саламен астастырған мұғалімдер сабақ берді. Олар нағыз өз саласының ұсталары еді. Біз де жас күнімізде оларға осы өзін қойған сұрақты жиі қоюшы едік. Ұстаздарымыз журналистің бойында ерекше қуат, жігер болу керектігін айтатын.

Өзіңіз бағамдап қарар болсаңыз, үнемі ой үстінде жүресіз. Жасап жүрген материалдарыңыздың сапасын ойлайсыз. Оның әлеуметтік мән-мағынасына тоқталасыз. Қысқасы, «жеті рет өлшеп, бір рет кесесіз». Әйтпесе, келте болып, сапасыз шығып қалуы ықтимал. Сондықтан жұмыс барысында жанталасасыз. Егер осы аталған қағидалар орындалса, онда істің өнгені. Жалпы, бұл сала функциясы сан алуан, көп векторлы болып келеді.

МАҚСАТТЫ ЕҢБЕК ЕТІҢІЗ

– Кәнігі тілші болу үшін не істемек керек?

– Ол үшін адамға қажыр-қайрат қажет. Ішкі рухыңыз мықты болсын. Өгәрәки, өз-

пақтарын тапты. Аздаған жалақыдан бастап, бөлім басшысы, бас редактор сынды лауазымды қызметтерде болды. Кейбір дарын иелері мақаланы жаза-жаза жазушылыққа, ақындыққа бет бұрды. Сөйтіп, халқының көрнекті қаламгеріне айналды. Осының бәрі табанды еңбектің арқасы.



өзіңізді қуаттап жүрмесеңіз, сынып кету қаупі бар. Былай айтқанда қылыштың жүзімен келе жатқандайсыз ғой. Бір жағыңызда халық, келесі жағыңызда атқамінерлер тұрады. Өлгінде айтқанымдай, ортаны тең ұстау, ол – шеберлікті талап етеді. Ал бұл даңғылға түсу үшін әуелі білім керек. Білімсіз адамзаттың күні қараң. Ойлаған істері бұлыңғыр болмақ. Сол себепті, жас тілші өзіне дейінгі ардагерлердің еңбек жолына да зер салып қойғаны абзал. Неге? Себебі, олар түрлі соқпақтан өтті. Өмірдің ащы-тұщысын қатар тартты. Бірақ мұқалмады. Сыналды, сонымен қатар шыңдалды. Әйтеуір өздерінің соқ-

– Таза журналистикамен айналысып, ауқатты болуға бола ма?

– Негізінен, таза журналистикамен айналысып ғұмыр кешіп жатқандар бар. Дегенмен, қазір заман да, заң да басқа. Интернет деген дүние шықты. Бәсекелестік артты. Бұрын біздің кезімізде оқу бітірсең, арнайы жолдамамен жұмысқа баратын едіңіз. Бәрінің өз есебі, жөні болатын. Жоғары оқу орнын бітірген соң, жұмыстың жайын уайымдамайтынбыз. Сөз басында айтқанымдай, бүгінгі кездің аурасы мүлдем бөлек. Жылдамдық қажет. Ақпаратты ел-жұрттан бұрын бер-

Әр адам өзіне-өзі жол салады. Сол салған жолыңыз бақытқа бастар болса, көсеңіздің көгергенін білдіреді. Қол қусырып қарап отырмай, өз кәсібіңіздің шебері атаныңыз. Бай-қуатты болып ғұмыр сүру өзіңізге тікелей байланысты. Бұл тек медиа саласындағыларға ғана қатысты қағида емес, барша талпынған жандарға қарата айтылған сөз. Бойдақ кезде, саяқ жүрген шақтарда қаражаттың қадірі білінбейді. Соншама табасыз, бірақ та қайда жұмсағаныңызды білмей қаласыз. Өйткені, жүріп тұру, киім кию, пәтер жалдау бәрі-бәрі ақшаға тіреледі. Жалпы, кішкене күнінен бастап, еңбек-

АЛТЫН КӨПІР

– Журналистиканы ғылым деп санайсыз ба?

– Әрине, шырағым! Журналистика арнайы ғылым. Көбісі ресми түрде мойындағысы келмегенмен, қоғам мен мемлекет арасында арнайы өзіндік қайталанбас, ерекше функциясы бар. Егер де бір тарапқа қарай құлап кетсе, онда өз ұстанымын жоғалтты деген сөз. Қытай елінің философы Конфуций «ұстазы жақсының ұстамы жақсы» депті. Расында қазақ журналистикасының ұстанған сара жолы жақсы. Соның ішінде патриоттық бағытта материалдар туып жатса, ол елге қуаныш. Бұл арада бір нәрсенің байыбына барған жөн. Шындық айту дегеніміз көзсіз сынау емес. Ақиқаттың әділдігі шығуы үшін факті қажет. Әр істе дәлеліңіз көрініп тұрса, жасаған жұмысыңыз көрінеді. Дәйексіз жазсаңыз, не болмаса түсірілім жасаңыз, ол – жала. Сондықтан сақтықпен әрекет еткен артық болмас.

Қаншама мамандықты бір арнаға сыйдырып, бұқараға мәселенің мән-жайын ұғындырып отырған журналистиканы қалайша ғылым емес деп айта аласыз. Әрине, ғылым. Оқытушылыққа бет бұрып, жиған-



АЙНАСЫ



терген тәжірибесін шәкірттерге бөліскен жақсы. Былай қарап тұрсаңыз, өмір баки микрофон, камера арқалап немесе әр маманның соңынан ақпарат жинап жүру жас ұлғайғанда ыңғайсыз. Сол жағын да біршама ойлап қойған дұрыс. Осыны ойлап кейбір тілшілер оқытушылыққа ауысып жатады. Әсіресе, бүгінгі жастардың еті тірі. Олар бакалавр бітірісімен магистратура қорғайды. Ғылымды көздегендер одан жоғары PhD докторантурада оқып, қорғайды. Кейбіреулер бастапқысы журналистика болса да, одан кейінгісін педагогика, саясаттану, құқық, тарих, филология тарапына бағыттады. Бәлкім, ол да жөн шығар. Ертеңгі күні бірінен болмаса бірінен университетте сабақ беріп, жұмысын жалғастырады. Негізі болашағын бүгіннен ойлағандар бәрінен озады. Арман-мақсаты жүзеге асырылған болуы керек. Құр бос қиял ештеңеге жеткізбейді. Осыны қазірден ұғыныңыз.

Өзіміз де журналистиканы тәмамдадық. Осымен «болды, жетті» деп қалып қалмадық. Ғылыми атақ қорғауға тырыстық. Осылайша тарих ғылымының докторы атандық. Көрнекті академик Манаш Қозыбаев, археолог-тарихшы ғалым Әлкей Марғұландар ғалым шыңына шығуды көздедік. Сөйтіп жүріп кандидаттық, докторлыққа бет бұрдық. Бүгінде журналистикамен қатар ғылымның да бел ортасында келеміз. Сондықтан да журналистика ғылымы бар деп айта аламыз. Бәлкім, болашақта, ресми түрде кеңірек мойындалып та қалар.

ӨЗІҢІЗДІ ӨЗІҢІЗ ҚАЛЫПТАСТЫРАСЫЗ

– Сағымбай аға, дәстүрлі сауал, болашаққа кім керек?

– Бұл сауалдың көбіне философияға жақын екен. Болашақтың қандай болатыны бір ғана Жаратқанға аян. Дегенмен, жақсылықтан үміт үзбейміз. Себебі, бәріміз пендеміз. Жұмыр басты пенденің арманында шек жоқ. Оған ешкім де шек қоя алмайды. Әсіресе, ауылда жүргенде көп армандап, қиялданатын едік. Жас күнімізде болашағымыздың жарқын болғанын тілейтінбіз. Ел арасында «Жаратушы ие жастың тілегін береді» дейді ғой. Онысы рас. Ал қазіргі таңда жас ұлғайып, көштің алдын бастаудамыз. Ойтілегіміз біреу. Ол қасиетті Отанымыздың өркендеп, дамығанын тілейміз. Сол жолда баршамыз іс атқаруымыз керек.

Қазақ елі өте бақуатты деп білеміз. Топырағының әр жерін, әр тасын түртіп қалсаңыз, тарихтың іздері жатыр. Небір нәубетті бастан өткерді. Бірақ бірліктің, елдің ауызбіршілігінің арқасында барша қиындық атаулыны еңсерді. Ендігі жас ұрпақ өткенді ұмытпағаны абзал. Қайта бұрынғы шежірені зейіндеріне тоқып, келешектің кемел болуы үшін қимыл-әрекет жасаған жөн. Мұның бәрін демократия жолымен, сауатты түрде жүзеге асыруға болады. Бүгінгідей ақпараттың қаптап, сапалысын саралай алмай тұрған шақта, өзіміздің жолдан

жаңылмайық. Ұлттық құндылықтарымызға жақын болайық.

Біздің даламыз ұлы Ғұн, Сақ, Түркі, берісі Шыңғыс хан, Әмір Темір, Алтын Орда, қала берді Қазақ хандығына пана болды. Дүниедегі ғылыми, мәдени эволюция Тұран топырағында өрлеп, дамыды. Ол жағын тарихтан жақсы білесіздер. Ал Алаш Орданың, Түркістан мемлекеттерінің арман-тілектері, болашаққа көзқарастары айқын еді. Осындай шежіренің үстінде біз де отырмыз. Сол себепті, сөз қуыспай, бірді екіге жалғап тірлік қылуға жазсын.

Кім қай саланың құлағын ұстаса да, өз ісінің маманы болсын. Технологияны игерген, экономикасы қарыштап дамыған державаға айналайық. Әлемде азық-түлік қауіпсіздігі сезіліп келеді. Бұл орайда Қазақстанның ауылшаруашылық әлеуеті зор. Жер-Ана біздің барымыз. Егін салып, қамбаны қампайтып, тәрбиелі әрі білімді ұрпақты қалыптастырайық. Бүгінгі жас буын ертеңгі әке, ана. Осы жағына зер салыңыз. Сіз де өзіңіздің бала-шағаңызға тәлім-тәрбие бере алсаңыз, адал азамат етіп өсірсеңіз, елге тигізген орасан үлес сол.

Болашақ – ақкөңіл, мейірімді, инабатты, ілім мен тәрбиені бойына қатар жинаған, жеті жұрттың тілін білген, өнерді үйренген, отаншыл азаматтың қолында.

Еліміздің ертеңі жарқын болсын!

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

ҰЛЫЛЫҚТЫҢ ТОЙЫ



ЗАМАНСӨЗ

«Қазақ халқы үшін Ахмет жасаған әдеби дүниенің көркемдік-әлеуметтік таным әлемінің әсері ғаламат».

Телжан ШОНАНҰЛЫ.

(«Ахмет Байтұрсынұлы Байтұрсынұлы – халық азарту және әдебиет саласында» атты мақаласынан).

АХМЕТТАНУ

СӨЗ ӨНЕРІ

Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі:

- 1) ақылға;
- 2) қиялға;
- 3) көңілге.

Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғыну, тану, ақылға салып ойлау;

Қиял ісі – меңзеу, яғни, ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеу, суреттеп ойлау;

Көңіл ісі – түйю, талғау.

Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйюін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама-қадарынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын. Ойын ойлаған қалпында, қиялын меңзеген түрінде, көңілдің түйгенін түйген күйінде тілмен айтып, басқаларға айтпай білдіруге көп шеберлік керек.

Мүддесін тілмен айтып жеткізу қиын екендігін, оған өте шеберлік керек екендігін мынадан байқауға болады. Орыстың асқан ақыны Пушкин жазған өлеңдерінің кейбіреуін 13 рет түзеткен. Орыстың асқан ойшысы, сөз өнерпазы Лев Толстой шығарған сөздерін баспаға беріп қойғаннан кейін де талай түзетіп, талай өзгертеді екен. Бұл ойындағы, қиялындағы, көңіліндегі нәрсені тілмен айтып, жеткізу өте қиын екендігін көрсетеді. Сөз өнері жүзінде өнерпаздар мүддесін тілмен айтып жеткізе алмай, сондай қиналғанда, өзгелерге ондай іс оңай болып табылар ма? Сондықтан сөзден жасап сөз шығару деген жұмыс әркімнің қолынан келе бермейді және шығарғандардың сөздері бәрі бірдей жақсы бола бермейді...

«Алуан-алуан жүйрік бар, әліне қарай жүгіреді». Әр ақын, әр жазушы сөздің басын өзінше құрастырып, өз оңтайымен тізеді. Өз білуінше пікірлейді. Сондықтан әрқайсысының лұғатында өзіндік айырымы, өзіндік белгісі болады. Ол айырым белгілерін жай айтып түсіндіру қиын, әрқайсысының шығарған сөздерін оқып, әбден танысып, үйреншікті болғанда ғана сезілетін белгі. Шеберлердің қолынан шыққан нәрселермен таныс адам сол шеберлердің істеген нәрселерін қай жерде көрсе де айтпай таниды: мәселен, пышақты көріп, «мынау пәлен ұстаның қолы екен» дейді, ерді көріп, «мынау пәлен ершінің қолы екен» дейді. Сол сияқты, сөз өнерпаздарының да шығарған сөздерін оқып, лұғатына үйір болғаннан кейін, оның бұрын оқылмаған, аты қойылмаған сөздерін де айтпай тануға болады. Ол белгі әр кісінің өз ыңғайымен, өз оңтайымен сөз тізіп, әдеттенуінен, салттануынан болады. Әркімнің өз салты болғанымен, ол салттар жалпы сөз тізу шарттарынан аса алмайды. Сөз шығарушылар, әуелі сөз ұнасымына керек жалпы шарттарды орнына келтіріп, өзінің өзгеше әдісі болса, соның үстіне ғана қосады. Сондықтан сөз шығарушылар бәрінен бұрын лебіз заңынан шыққан сөздің асыл болуының жалпы шарттарын білуі қажет.

«Әдебиет танытқыш».

(Қызылорда–Ташкент, 1926 жыл).

ҰЛТ ҰСТАЗЫНЫҢ ОЙ-ОРАМДАРЫНАН

«Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт, өз тілінде жоқ деп, мәдени жұрттардың тіліндегі даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін араластыра-араластыра, ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей, айырылып қалуы ықтимал. Сондықтан мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін, ғылым кітаптарын қазақ тіліне аударғанда, пән сөздерінің даярлығына қызықпай, ана тілімізден қарастырып сөз табуымыз керек».

«ҚАЗАҚ» газеті.

1913 жыл.



АРАЛАС ЖЕКПЕ-ЖЕК

UFC-де жұлдызы жанғандар

Демалыс күні «UFC Vegas 57» турнирінде күш сынасқан қазақстандық спортшылардың барлығы жеңіске жетті.

Лас-Вегас қаласында жерлестеріміз Шавкат Рахмонов және Сергей Морозов, сондай-ақ Қытай азаматтығы бар этникалық қазақ Сайран Нұрданбек өнер көрсетті.

UFC-дің алтыбұрышты алаңына бірінші болып Сергей Морозов шықты. Оның қарсыласы бразилиялық Раулиан Пайва болды. Айта кеткен жөн, бұған дейін Пайва тағы бір қазақстандық жауынгер әрі Сергей Морозовтың досы Жалғас Жұмағұловпен жекпе-жекке шығып, көпшілік әділетсіз санаған төрешілер шешімі арқылы жеңіске жеткен. Бұл айқас әлемдік промоушнның ең жеңіл салмақ дәрежесінде өткен. Ал Морозов пен бразилиялық спортшының кездесуі одан бір салмақ жоғары дәрежеде болды.

Қазақстандық жанкүйерлердің арасында «Аязбай» атанып кеткен Сергей үшін жекпе-жек ауыр басталды. Қол-аяғы ұзын бразилиялық спортшы кездесу басында бірнеше мәрте жойқын соққы жасап, біздің жерлесімізді есенгіретіп тастады. Алайда, Ақтөбе тумасы құлаған жоқ. Қарсыласының алғашқы қарқынын қайтарып, бірінші раундта есе жіберсе де, жақсы қорғаныспен аяқтады. Үзіліс кезінде демалып әрі жаттықтырушыларынан кеңес алып үлгерген Сергей екінші раундты да баяу бастады. Мұны әлсіздік көрген Пайва еркінсіп тағы да шабуылға шыққанда, отандасымыз оны екі аяқтан ұстай көтере құлатты. Қарсыласының үстіне шыққан «Аязбай» бұдан кейін бразилиялықтың көтерілуіне мүмкіндік бермеді. Шешуші 3-ші раундқа екі спортшы 1-1 есебімен шықты. Кездесудің соңғы бөлігінде



екі жауынгердің де шаршағаны білінді. Дегенмен, жігіттік мінез жібермеген Морозов ештеңеге қарамай шабуылдаумен болды. Ол қарсыласын құлатып да жықты, соққыдан да басым түсті. Соның арқасында әділқазылар алқасының бірауыздан шешімімен қазақстандық спортшы UFC-дегі екінші жеңісіне қол жеткізді.

Айтылған турнирдің маңыздылығы жағынан екінші жекпе-жегіңде Шавкат Рахмонов америкалық Нил Мэгнимен (26-8) кездесті. Қазақ жауынгері бұған дейін UFC-де үш рет айқасқа түсіп, оның барлығын мерзімінен бұрын аяқтаған. Ол тәжірибелі бразилиялық спортшылар Алекс Оливейра (22-12-1-2) және Мишель Празеристі (26-4) қылқындыру әдісімен ұтты. Ал осы жылдың 5 ақпанында өткен жекпе-жегіңде Карлстон Харристі (17-5) нокаутқа жіберді. Соның арқасында жартылай орта салмақ бойынша UFC-дің ресми рейтингінде отандасымыз 15-ші қатарға енген. Бұл жолы жерлесімізге қарсы кәсіби мансабын 2010 жылы бастап, бүгінге дейін 34 жекпе-жек өткізген америкалық өте тәжірибелі спортшы, UFC тізімінде 10-шы тұрған Нил Мэгни шықты.

Аяқта тұрып соққы алмасқанды ұнататын Нил жекпе-жек басталысымен арақашықтықты қысқартып, шабуылдауға кірісті. Алайда, алғашқы соққылардың ешқайсысы Шавкатқа мардымды тиген жоқ. Қарсыласының аяқ алысын

байқаған отандасымыз америкалықты аяғынан ұстай құлатып алды. Бірінші раунд аяқталғанша Nomad (Шавкаттың лақап аты) қарсыласының тұруына мүмкіндік бермеді. Ол Нилдің үстіне шығып оны төпелей ұрумен болды. Кездесудің алғашқы раундты Шавкаттың айқын басымдылығымен аяқталды. Жекпе-жектің екінші жартысы тағы да Мэгнидің аяқ соққыларымен басталып еді, жерлесіміз оның жауырынын тағы да жерге тигізді. Бұл раунд алдыңғысын қайталағандай бірдей сипатта өтіп жатты. Алайда, кездесудің екінші жартысы аяқталуға сәл қалғанда Шавкат қарсыласын гильотина әдісіне (қылқындыру) ұстап, гонгтың соғылуына 3 секунд қалғанда америкалықты берілуге мәжбүрледі. Нәтижесінде жерлесіміз UFC төрінде төртінші жеңісіне қол жеткізді. Сонымен қатар, Шавкаттың мұндай шеберлігі әлемдік промоушнның басшылығына да ұнап, спортшымызға үздік спортшыларға арналған арнайы сыйақы берілді. Енді жартылай орта салмақ бойынша UFC-дің ресми рейтингінде Шавкаттың 10-шы орынға дейін көтерілетіні анық.

Айта кеткен жөн, Лас-Вегаста Қытай азаматтығы бар этникалық қазақ Сайран Нұрданбек те бақ сынады. Ол америкалық Ти Джей Браунмен күш сынасты. 3 раундқа созылған жекпе-жек нәтижесінде Сайран төрешілер шешімі арқылы жеңіске жетті.

Тайландта көркем гимнастикадан Азия чемпионаты аяқталды.

Сұлуларымыз алтын алды

Көпсайыста қазақстандық Айбота Ертайқызы 4-ші, ал Эльжан Танеева 7-ші нәтиже көрсетті. Жеке біріншіліктің финалында Эльжан Танеева лентамен жаттығуда үздік болып, алтын медальға ие болды.

Сондай-ақ, біздің спортшы булавамен жаттығу сайысында күміс жүлдегер атанды. Бұған дейін Қазақстан командасы топтық жаттығуларда құрлықтық біріншіліктің алтын медалін жеңіп алған. Біздің қыздар шеңбермен жаттығудың шешуші кезеңінде 30 ұпай жинап, Қазақстан Туын көкке желбіретті.



ТАЭКВОНДО

Қазақстандық таэквондошылар Оңтүстік Кореяда өткен Азия чемпионатында жүлделі орындарға ие болды.

Азиядан айтулы жүлде бар



Құрлық біріншілігің алғашқы жүлдесін 46 келі салмақ дәрежесінде өнер көрсеткен Рита Бакишва әкелді. Жарыстың алғашқы күнінде өнер көрсеткен спортшымыз қола жүлдені иемденді.

Азия чемпионатының екінші күнінде Жасұрбек Исмаилов пен Ботагөз Қапанова қоржынға қош қола салды. Жасұрбек 58 келі салмақта, Ботагөз 49 келіде өнер көрсетті.

Жарыстың келесі күні Дениз Жансель мен Смайыл Дүйсенбай көзге түсті. 73 келі салмақта бақ сынаған Дениз Жансель күміс медальға ие болса, 87 келі салмақ дәрежесінде шыққан Дүйсенбай қола алып, үздік үштікке енді.

ФУТБОЛ

Алматылық «Қайрат» сыртқы алаңда «Тараз» командасымен тең нәтиже көрсетті.

Алдыңғы ойынды өз алаңында өткізіп, «Мақтааралды» 1:0 есебімен жеңген алматылық команда Қазақстан чемпионатының 15 турында Таразға қонақ боп барды. Ел біріншілігінің тізімінде жоғарғы орындарда тұрған екі команда ойынға дейін деңгейлес көрінді. Дегенмен, бұған дейінгі ойында «Ордабасыдан» жеңілген «Тараздың» өз алаңында жеңіс үшін барын салатыны белгілі еді.

Кездесудің басы екі команда тарапынан да баяу басталды. Кирилл Кекер мен Нұркен Мазбаев шәкірттері өзара андысқандай болды. Дегенмен, мұндай тыныштық ұзаққа созылған жоқ. Алаң қонақтары бірінші болып өткір шабуыл жасап, бұрыштама добына ие болды. Допты әуелете ойынға қосқан Жоао Паулоның пасы алдымен Тараз ойыншыларына тиіп, кейін «Қайрат» шабуылдаушысы Артур Шушеначевтың аяғына түсті. «Сары-қара» команданың ойыншысы өз мүмкіндігін мүлт жібермей, 8 минутта есеп ашты. Айта кеткен жөн, алдыңғы ойында бірнеше тиімді сәттерді пайдалана алмағаны үшін Артурды өз жанкүйерлері қатты сынға алған. Бұл гол алматылық шабуылдаушы үшін үлкен серпіліс беріп, оның өзіне деген сенімділігін арттырады деп үміттенеміз.

Қатарынан екінші ойында жеңіліске ұшырағысы келмеген «Тараз» ойыншылары өткізілген голдан кейін шабуыл қарқынын күшейтеді. Алаң иелері, әсіресе, оң қапталдан өте қауіпті болды. Дегенмен, кейде «Қайрат» қорғанысының күшімен, кейде сәтсіздіктің кесірінен «Таразға» есепті теңестіру қиынға соқты. Алдымен тараздық шабуылдаушы Абылайхан Жұмабек асырған пасты Жақып



Қожамберді баспен қақпаға дәл бағыттап алмаса, кейін оң қапталдан ортаға ойысып соққы жасаған Бауыржан Байтана добы қақпадан сәл қисық кетті. Ойынның 28-ші минутында есепті еселеп қуана берген Артур Шушеначевты қапталдағы төрешінің жалау-шасы тоқтатты. Бұл жолы 19-шы нөмірлі ойыншының голы есепке алынбады. Бірінші таймның қосымша минуттарында алаң иелері қақпаға жақын жерде айып добына ие болды. Сол қапталдан жерлете жойқын соққы жасаған Бауыржан Байтана «Қайрат» қақпашысы Данил Устименкодан аяласын асырып, есепті теңестірді.

Ойынның екінші жартысында екі команданың ешқайсысы айқын басымдылыққа ие болмады. Екі тараптан да бірнеше өткір шабуыл нәтижесіз аяқталды. Кездесудің 89-минутында «Тараз» ойыншысы Алекс

Жуниордың өз командасын алдыға шығарған. Алайда, бұл доп та есепке алынбады. 22-нөмірлі футболшы ойыннан тыс қалған. Кездесуді нәтижесінде екі команда бір-бір ұпайдан алып, тең нәтиже көрсетті.

Қазақстан чемпионатының өзге де ойындарына шолу жасап өтейік. Ел біріншілігінде көш бастап тұрған «Астана» командасы «Ақтөбеден» 4:1 есебімен ойсырай жеңілді. «Тобыл» «Қызылжардан» 3:1 есебімен, «Тұран» «Каспийден» 2:0 есебімен басым түсті. «Ордабасы» сыртқы алаңда «Ақжайықты» (1:0) жеңді. «Ақсу» мен «Шахтер» және «Мақтаарал» мен «Атырау» 1:1 есептерімен тең ойнады.

Бетгі әзірлеген
Досбол АТАЖАН.

Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы АҚПАРАТ

Алматы қаласы мәслихатының 2022 жылғы 20 маусымдағы №145 шешімі Әділет министрлігімен нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне 2022 жылғы 27 маусымында №28601 болып енгізілді.

ШЕШІМ	№145
2022 жылғы 20 маусым	
Алматы қаласы мәслихатының 2021 жылғы 14 желтоқсандағы №101 «Алматы қаласының 2022–2024 жылдарға арналған бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы	

ШЕШІТІ:
1. Алматы қаласы мәслихатының 2021 жылғы 14 желтоқсандағы №101 «Алматы қаласының 2022–2024 жылдарға арналған бюджеті туралы» шешіміне (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде №26001 болып тіркелген), келесі өзгерістер енгізілсін:
1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«1. Алматы қаласының 2022–2024 жылдарға арналған бюджеті осы шешімнің 1, 2 және 3-қосымшаларына сәйкес, оның ішінде 2022 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:
1) кірістер – 1 129 172 488 мың теңге, оның ішінде:
салықтық түсімдер – 870 818 605 мың теңге;
салықтық емес түсімдер – 10 293 268 мың теңге;
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 35 369 200 мың теңге;
трансферттер түсімдері – 212 691 415 мың теңге;
2) шығындар – 1 139 180 999,2 мың теңге;
3) таза бюджеттік кредиттеу – 17 803 551 мың теңге;
4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 55 647 998 мың теңге, оның ішінде:
қаржы активтерін сатып алу – 55 984 998 мың теңге;
5) бюджет тапшылығы (профициті) – -83 460 060,2 мың теңге;
6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профициті пайдалану) – 83 460 060,2 мың теңге»;
6-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«6. Қала бюджетінде жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтерді қаржыландыру 11 475 960 мың теңге сомасында бекітілсін»;
7-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«7. Қорғаныс шығындары 9 779 491 мың теңге сомасында бекітілсін»;
8-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«8. Қоғамдық тәртіпті, қауіпсіздікті, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметті қамтамасыз ету бойынша шығындар 33 356 327 мың теңге сомасында бекітілсін»;
9-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«9. Білім беру шығындары 305 878 792 мың теңге сомасында бекітілсін»;
10-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«10. Денсаулық сақтау шығындары 47 398 465 мың теңге сомасында бекітілсін»;
11-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«11. Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету шығындары 47 189 364 мың теңге сомасында бекітілсін»;
12-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«12. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық шығындары 185 231 112 мың теңге сомасында бекітілсін»;
13-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«13. Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік шығындары 44 955 682 мың теңге сомасында бекітілсін»;
14-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«14. Отын-энергетика кешеніне және жер қойнауын пайдалану шығындары 22 027 374 мың теңге сомасында бекітілсін»;
15-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«15. Ауыл шаруашылығы, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аймақтардың, қоршаған орта мен жануарлар әлемін қорғау, жер қатынастары шығындары 14 539 824 мың теңге сомасында бекітілсін»;
16-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«16. Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметтеріне шығындар 6 035 034 мың теңге сомасында бекітілсін»;
17-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«17. Көлік және коммуникация шығындары 136 702 281 мың теңге сомасында бекітілсін»;
18-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«18. Басқа да шығындар 103 201 288 мың теңге сомасында бекітілсін».
2. Көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.
3. Осы шешім 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласы мәслихатының хатшысы	С.КАНКУРОВ
------------------------------------	------------

Алматы қаласы мәслихатының 2022 жылғы 20 маусымдағы №145 шешіміне қосымша
Алматы қаласы мәслихатының 2021 жылғы 14 желтоқсандағы №101 шешіміне 1-қосымша

Алматы қаласының 2022 жылға арналған бюджеті					
Санаты	Сыныбы		Атауы		Сомасы, мың теңге
	Ішкі сыныбы	Специфика			
1			2		3
				I. Кірістер	1 129 172 488,0
1				Салықтық түсімдер	870 818 605,0
	01			Табыс салығы	602 841 931,0
		1		Корпоративтік табыс салығы	289 774 279,0
		2		Жеке табыс салығы	313 067 652,0
	03			Әлеуметтік салық	177 570 736,0
		1		Әлеуметтік салық	177 570 736,0
	04			Меншікке салынатын салықтар	56 625 838,0
		1		Мүлікке салынатын салықтар	34 911 905,0
		3		Жер салығы	4 015 282,0
		4		Көлік құралдарына салынатын салық	17 690 651,0
		5		Бірыңғай жер салығы	8 000,0
	05			Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	28 400 725,0
		2		Акциздер	16 521 262,0
		3		Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	3 602 295,0
		4		Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	8 277 168,0
	08			Зандық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	5 379 375,0
		1		Мемлекеттік баж	5 379 375,0
2				Салықтық емес түсімдер	10 293 268,0
	01			Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	1 979 301,0
		1		Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	430 000,0
		3		Мемлекет меншігіндегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивиденттер	23 642,0
		4		Мемлекет меншігіндегі заңды тұлғалардағы қатысу үлесіне кірістер	164 155,0

		5		Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	1 331 500,0
		7		Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	18 814,0
		9		Мемлекет меншігінен түсетін басқа да кірістер	11 190,0
	02			Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	4 300,0
		1		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	4 300,0
	03			Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	1 010,0
		1		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	1 010,0
	04			Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	3 726 221,0
		1		Мұнай секторы ұйымдарынан және Жәбірленушілерге өтемақы қорына түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	3 726 221,0
	06			Өзге де салықтық емес түсімдер	4 582 436,0
		1		Өзге де салықтық емес түсімдер	4 582 436,0
3				Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	35 369 200,0
	01			Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлкі сату	31 026 344,0
		1		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлкі сату	31 026 344,0
	03			Жерді және материалдық емес активтерді сату	4 342 856,0
		1		Жерді сату	4 000 000,0
		2		Материалдық емес активтерді сату	342 856,0
4				Трансферттер түсімдері	212 691 415,0
	02			Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	212 691 415,0
		1		Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер	212 691 415,0

Функционалдық топ	Функционалдық кіші топ			Сомасы, мың теңге
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама		
			Атауы	
			II. Шығындар	1 139 180 999,2
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	11 475 960,0
	111		Республикалық маңызы бар қала, астана мәслихатының аппараты	342 781,0
		001	Республикалық маңызы бар қала, астана мәслихатының қызметін қамтамасыз ету	294 652,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	43 732,0
		005	Мәслихаттар депутаттары қызметінің тиімділігін арттыру	4 397,0
	121		Республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің аппараты	2 795 391,0
		001	Республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің қызметін қамтамасыз ету	2 617 327,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	178 064,0
	123		Қаладағы аудан әкімінің аппараты	4 909 382,0
		001	Қаладағы аудан әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	3 545 214,0
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 364 168,0
	325		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық даму басқармасы	125 439,0
		013	Республикалық маңызы бар қала, астана Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету	125 439,0
	379		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссиясы	582 046,0
		001	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	573 677,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	8 369,0
	318		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік активтер басқармасы	753 239,0
		001	Жергілікті деңгейде коммуналдық мүлікті және мемлекеттік сатып алу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	422 141,0
		010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	13 350,0
		011	Коммуналдық меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату	55 477,0
		014	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	262 271,0
	356		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қаржы басқармасы	805 694,0
		001	Жергілікті бюджетті жоспарлау, атқару және коммуналдық меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	706 252,0
		003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	64 301,0
		014	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	35 141,0
	510		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың экономика басқармасы	342 282,0
		001	Жергілікті деңгейде экономикалық саясат саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	332 392,0
		004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	9 890,0
	369		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың дін істері басқармасы	819 706,0
		001	Жергілікті деңгейде дін қызметі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	628 678,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	90,0
		004	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	10 132,0
		005	Өңірде діни ахуалды зерделеу және талдау	180 806,0

02				Қорғаныс	9 779 491,0
		121		Республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің аппараты	1 170 958,0
			010	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	120 759,0
			011	Аумақтық қорғанысты даярлау және республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумақтық қорғаныс	1 050 199,0
		121		Республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің аппараты	2 810 923,0
			014	Республикалық маңызы бар қалалар, астана ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	2 810 923,0
		373		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	1 075 479,0
			030	Жұмылдыру дайындығы және төтенше жағдайлар объектілерін дамыту	1 075 479,0
		387		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетінен қаржыландырылатын табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, азаматтық қорғаныс саласындағы органдардың аумақтық органы	4 722 131,0
			003	Аумақтық органның және ведомстволық бағынысты мекеметтік мекемелердің күрделі шығыстары	2 746 671,0
			004	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың азаматтық қорғаныс іс-шаралары	1 975 460,0
03				Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	33 356 327,0
		352		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы	28 736 808,0
			001	Республикалық маңызы бар қала, астана аумағында қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер қамтамасыз ету	20 736 516,0
			003	Қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеу	18 000,0
			007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	7 982 292,0
		373		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	5 428,0
			021	Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік объектілерін салу	5 428,0
		317		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қалалық мобильділік басқармасы	4 614 091,0
			004	Елдімекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	4 614 091,0
04				Білім беру	305 878 792,0
		360		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы	41 871 706,0
			034	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту	41 871 706,0
		373		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	3 471 132,0
			006	Алматы қаласында мектепке дейінгі ұйымдарды сейсмикалық күшейту	898 976,0
			037	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту объектілерін салу және реконструкциялау	2 572 156,0
		323		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың спорт басқармасы	5 382 932,0
			006	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	4 528 524,0
			007	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында спорттағы дарынды балаларға жалпы білім беру	854 408,0
		360		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы	153 822 390,0
			003	Жалпы білім беру	70 513 946,0
